

2026–2027 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2026 жылғы 20 шілдедегі № 106 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) және "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдары, сондай-ақ, арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2026-2027 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай

№ 106 от 20.07.2026

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2026 жылғы "___" _____

№___ қаулысына қосымша

2026-2027 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

--	--	--	--	--

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі	2025-2026 оқу жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
				ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	20	1 209,3	1 055,9
		6 B 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	10	905,8	803,9
2	6 B 0 5 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	6B052 Қоршаған орта	2	933,6	831,8
3	6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	2	1 111,4	1 009,6
4	6 B 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6 B 0 7 1 Инженерия және инженерлік іс	3	1 111,4	1 009,6
		6 B 0 7 2 Өндірістік және өңдеу салалары	2	1 111,4	1 009,6
		6B073 Сәулет және құрылыс	2	1 111,4	1 009,6
5	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Өсімдік шаруашылығы	1	933,6	831,8
		6B082 М а л шаруашылығы	1	933,6	831,8
		6B084 Балық шаруашылығы	9	933,6	831,8
		6B086 Су ресурстары және суды пайдалану	5	933,6	831,8
6	6B10 Денсаулық сақтау	6 B 1 0 1 Денсаулық сақтау	103	1 230,7	1 218,3
7	6B11 Қызмет көрсету	6B111 Қызмет көрсету саласы	3	905,8	803,9
Барлығы			163		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК